

Жамбыл облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 197 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Эротикалық мазмұндағы материалдар жариялайтын мерзімді басылымдардың сатылуы туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 31 наурыздағы №94 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1612 болып тіркелген, 2005 жылдың 28 мамырында "Ақ жол" газетінде жарияланған);

2) "Эротикалық мазмұндағы материалдар жариялайтын мерзімді басылымдардың сатылуы туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 31 наурыздағы № 94 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2009 жылғы 25 қарашадағы №390 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1736 болып тіркелген, 2009 жылдың 31 желтоқсанында "Ақ жол" газетінде жарияланған).

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев